Әділет

# Қазақстан Республикасында спорттық іс-шараларды өткізу мен халықаралық спорт жарыстарына қатысудың ережесі туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 21 шілдедегі N 06-2-2/229 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 19 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3030. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 446 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 25.12.2012 № 446 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1755 қаулысына сәйкес және Қазақстан Республикасында спорттық іс-шараларды өткізу мен спорт түрлері бойынша құрама командалардың халықаралық спорт жарыстарына қатысу тәртібін реттеу мақсатында бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында спорттық іс-шараларды өткізу мен халықаралық спорт жарыстарына қатысудың ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының бюджеттен қаржыландырылатын спорт ұйымдары өз жұмыстарында осы Ережені басшылыққа алсын.

3. Ұйымдастыру және қаржы жұмыстарын жоспарлау басқармасы ( Г.С.Әлімбекова) белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

4. Бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*Төрағаның м.а.*

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Төрағасының м.а. "Қазақстан Республикасында спорттық іс-шаралар өткізу мен халықаралық спорт жарыстарына қатысудың ережесі туралы"

2004 жылғы 21 шілдедегі
N 06-2-2/229 бұйрығымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасында спорттық іс-шараларды өткізу мен халықаралық спорт жарыстарына қатысудың ережесі 1. Жалпы ереже

1. Осы Қазақстан Республикасында спорттық іс-шараларды өткізу мен халықаралық спорт жарыстарына қатысудың ережесі (бұдан әрі - Ереже) " Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қарашадағы N 1755 қаулысына сәйкес әзірленді және дене шынықтыру және спорт саласында спорттық іс-шаралар (бұдан әрі - жарыстар) өткізу тәртібін белгілейді.

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар қолданылады:

Қазақстан Республикасының чемпионаты - үздік спортшылар (командалар) арасында, қатысушылардың жасына шек қойылмайтын және орындарды бөлісетін спорт түрі бойынша өткізілетін жарыстар;

Қазақстан Республикасының біріншілігі - қатысушыларының жасы жарыс ережелерімен анықталатын және спортшылар (командалар) арасында орындар бөлісетін спорт түрінен өткізілетін жарыстар;

халықаралық жарыстар - кемінде 5 (бес) мемлекеттің өкілдерінің қатысуымен спортшылар (командалар) арасында спорт түрінен өтетін жарыстар;

ресми халықаралық жарыстар - спорт түрлері бойынша халықаралық федерациялардың бұқаралық-спорттық іс-шаралар күнтізбесіне енген жарыстар;

кешенді жарыстар (іс-шаралар) - спортшылар (командалар) арасында бірнеше спорт түрі бойынша орындарды бөлісетін және командалар арасында кешенді сынақ өткізетін жарыстар;

Кешенді ғылыми топ - спортшыларды даярлауда әдістемелік көмек көрсету және спортшыларға бақылау жүргізу үшін ғалым мамандардан құрылған спортшылардың функционалдық және техникалық деңгейін бақылауды жүзеге асыратын ұжым.

3. Дене шынықтыру және спорт саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар жарыс ұйымдастырушылары болып табылады. Жарыстың өтетін уақытын жарысты ұйымдастырушылар (бұдан әрі - ұйымдастырушылар) анықтайды.

4. Жарыстар спорт түрлерінен қоғамдық бірлестіктер (бұдан әрі - федерациялар) бекіткен және дене шынықтыру мен спорт жөніндегі уәкілетті органмен келісілген спорт түрлері бойынша жарыстар өткізудің ережесіне сәйкес

жүргізіледі. Ұйымдастырушылар белгілі бір жарысты өткізу үшін жарыстың ( бұдан әрі - регламент) регламентін (ережесін) бекітеді, онда өткізу шарты, қатысушылар құрамы, қаржыландыру көздері көзделеді.

5. Мыналар спорттық іс-шараларға қатысушылар болып табылады: спортшылар, жаттықтырушылар, жаттықтырушы-дәрігерлер, психологтар, әкімшілер, команданың немесе спортшылар тобының жетекшілері мен өкілдері, спорт мектептерінің басшылары мен олардың орынбасарлары жарыстар мен спорт түрлерінен өткізілетін оқу-жаттығу жиындары туралы Регламентте ( Ережеде) көрсетілген жағдайларда қажетті механиктер, жөндеушілер, атбегілер, сүйемелдеушілер және басқа да қатысушылар.

6. Жарысты өткізу орындарында қызмет ететін осы спорт түрінен белгіленген Регламенттің (Ереженің) ережелеріне сәйкес төрешілер алқасының ( бригадасының) құрамындағы адамдар осы спорт жарысының төрешілері болып табылады.

7. Спорт жарыстары (1-қосымша) дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органның және аумақтық атқару органдарының бекіткен күнтізбелік жоспарына сәйкес өткізіледі және бөлінген қаражаттың шегінде мыналар көзделеді:

спорт түрі, спорттық іс-шараның атауы

өтетін орны мен уақыты

қатысушы ұйымдар

сандық құрам (бір команданың, спортшылардың, жаттықтырушылар мен төрешілердің)

өткізуші ұйымдар.

8. Спорттық іс-шаралардың бекітілген күнтізбелік жоспарының негізінде жарысты өткізуші спорт ұйымының басшысы (немесе оның орынбасары) жарыс туралы Регламентті (Ережені) бекітеді, онда мыналар көзделуі қажет:

жарыстың мақсаты мен міндеті;

оны өткізу жүйесі;

қатысатын ұйымдар;

спортшылар құрамы мен басқа да қатысушылардың, төрешілердің саны;

спортшылардың жынысы мен туған жылы;

нәтижелерді бағалау жүйесі;

медико-санитарлық қамтамасыз ету мен техника қауіпсіздігі;

төрешілер алқасының сандық құрамы;

өтінімдерді берудің мерзімі мен тәртібі;

қатысушылар мен төрешілерді қабылдау шарттары;

наразылық беру және оны қарау тәртібі;
жарыстың өтетін орны мен уақыты;
жарысқа қатысушылар мен төрешілердің келу және қайту күндері.

9. Жарыстар өткізу сипатына қарай:

- жекелеген спортшылардың (жынысына, жасына, спорттық біліктілігіне қарай) иеленетін орындарын анықтайтын жекелей;
- жеке біріншіліктен басқа оған қатысушы командалардың орнын анықтайтын жекелей-командалық;
- спортшылардың разрядтық нормалары мен бірыңғай жіктеме талаптарын орындауды анықтайтын жіктеу;
- нәтижелері бойынша спорт түрлерінен құрама командаларды жасақтайтын және спортшылар мен командаларды спорт жарыстарының келесі кезеңіне жіберуге рұқсат беретін іріктеу, біліктілік жарыстары болуы мүмкін.

Сондай-ақ, спорт жарыстары Олимпиада, Ойындар, Спартакиадалар, Универсиадалар түріндегі кешенді және спорт түрлерінен чемпионаттар, біріншіліктер (спортшылардың жас топтары бойынша чемпионаттар), Кубокты ұтысқа салу, турнирлер, командалар арасындағы матчтық және жолдастық кездесулер түрінде өткізілуі мүмкін.

10. Жарысты ұйымдастырушылар:

- спорт жарыстарын өткізу жөніндегі күнтізбе жоспарлар мен Регламентті ( Ережені) әзірлеу кезінде әрбір жеке жағдайда оларды өткізудің неғұрлым үнемді жүйесін таңдауы;
- спортшылар мен спорт командаларын ең жақын жолдармен қамтамасыз етуі ;
- спортшылардың спорттық біліктілігіне қойылатын талаптарды қатаң сақтауы;
- оқу-жаттығу жиындарының, жарыстардың күнтізбе жоспарына және олардың Регламентіне (Ережесіне) сәйкес спорттық іс-шаралар өткізуі;
- спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге бөлінген қаражатты тиімді пайдалануы, қатысушылар мен спорт төрешілерін материалдық қамтамасыз етуі қажет.

11. Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін жарыстардың жеңімпаздары Уәкілетті органның бұйрығымен және (немесе) жергілікті атқару органдарының шешімімен бекітілген мөлшердегі жүлделермен (заттай, ақшалай) марапатталады. Ескерткіш жүлделер саны жарысты өткізу туралы Регламентпен (Ережемен) белгіленеді. Жүлделерді алуға кететін шығыстар бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізуге көзделген қаражаттың есебінен бөлінеді.

12. Республикалық және халықаралық негізгі жарыстар уәкілетті орган бекітетін спорттық-бұқаралық, сауықтыру іс-шараларының және негізгі

республикалық және халықаралық жарыстардың күнтізбелік жоспарына енгізілуі қажет.

Белгілі бір облыс аумағында өткізілетін облыстық бұқаралық, соның ішінде халықаралық спорт жарыстары дене шынықтыру және спорт саласындағы аумақтық атқару органы бекітетін спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына енгізіледі.

Аудандық спорттық бұқаралық жарыстар дене шынықтыру және саласындағы аудандық атқару органы бекітетін спорттық бұқаралық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарына енгізіледі.

13. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органның және жергілікті атқару органдарының бекіткен күнтізбелік жоспарларына сәйкес бөлінген қаржының шегінде қалаларда, аудандарда, облыстарда және республикалық деңгейде өтетін жарыстарға қатысу жарыс регламентіне (ережесіне) сәйкес реттеледі.

Осы жарыстарға, соның ішінде кешенді Спартакиадаларға, Ойындарға, Универсиадаларға қатысатын спортшылардың, жаттықтырушылардың, төрешілердің құрамын дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган және тиісті жергілікті атқару органы бекітеді. Тиісті дене шынықтыру және спорт жөніндегі орган басшысы өндірістік қажеттілікті ескере отырып, осы жарыстарда қызмет көрсететін қызметшілердің құрамын бекітеді.

14. Халықаралық спорттық іс-шараларға қатысу уәкілетті орган және дене шынықтыру және спорт жөніндегі облыстық (республикалық маңыздағы қалалық) атқару органы бекіткен күнтізбелік жоспарға қосылған жарыс регламентіне (ережесіне) сай бөлінген қаражат шегінде реттеледі.

Халықаралық, соның ішінде кешенді: олимпиялық, Азиялық, Орталық Азия, Шығыс Азия және басқа да спорттық іс-шараларына қатысатын спортшылардың, жаттықтырушылардың, төрешілердің құрамын жарыс регламенті (ережесі) негізінде дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган басшысы бекітеді. Жарыстың регламенті (ережесі) негізінде және өндірістік қажеттілікке (спортшылардың сапалы қатысуына ықтимал жағдайлар жасау) үшін уәкілетті орган басшысының шешімімен осы жарыстарда қызмет көрсететін қызметшілердің құрамы анықталады. Спорттық жетістіктерді насихаттауды жүзеге асыру үшін делегация құрамына бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қосылуы мүмкін. Спортшыларға практикалық нақты көмек көрсету және олардың біліктілік деңгейі мен шеберлігін одан әрі дамыту үшін ақпарат алу мақсатында дене шынықтыру және спорт жөніндегі жергілікті атқару органының және осы жарысқа спортшыларды даярлауға үлес қосқан басқа да спорт ұйымдарының басшылары делегация құрамына алынады. Халықаралық Олимпиада Комитетінің (ХОК) талаптарына сай ХОК өткізетін немесе соның

қолдауымен өтетін жарыстардың делегация құрамына Ұлттық Олимпиада Комитетінің (ҰОК) және спорт түрлерінен республикалық федерациялардың өкілдері, соның ішінде халықаралық дәрежедегі төрешілер де қосылуы мүмкін.

15. Команда құрамына алынған және жарысқа қатысуға дайындалушы спортшылардың спорт шеберлігін арттыру және спорт жарыстарында табысты өнер көрсетуі үшін оқу-жаттығу жиындары өтуі мүмкін.

Спортшылардың құрамы және жиындардың ұзақтығы оқу-жаттығу жиындарының сыныптамасымен (2-қосымша) реттеледі.

16. Оқу-жаттығу жиындары бекітілген жылдық күнтізбелік жоспарға және мынадай тармақтарға сәйкес бөлінген қаражат шегінде өткізіледі:

спорттың түрі, оқу-жаттығу жиынының атауы

өтетін орны мен уақыты

қатысушы ұйымдар

сандық құрамы (бір команданың, спортшылардың, жаттықтырушылар мен төрешілердің)

өткізуші ұйымдар

17. Спорт жарыстары мен оқу-жаттығу жиындарының күнтізбелік жоспарының негізінде Қазақстан Республикасында спорттық іс-шараларды өткізудің және халықаралық спорттық іс-шараларға қатысудың қаржылық күнтізбесі (3-қосымша) жасалады.

18. Негізгі жұмыс көлемі спортшыларды тактикалық және спорттық техникалық дайындау болып табылатын оқу-жаттығу жиындары спорт жарыстарына тікелей даярлау жөніндегі жиындардың санатына жатады.

19. Жалпы дене дайындығы бойынша спортшыларға тексеру жүргізу жөніндегі (тереңдетілген медициналық кешенді) қалпына келтіру оқу-жаттығу жиындары арнаулы жиындарға жатады.

20. Оқу-жаттығу жиындарын өткізетін спорт ұйымдары:

теориялық және практикалық сабақтардың, тәрбие жұмыстарының, спортшыларды даярлаудың дербес жоспарларын, кешенді ғылыми топтың жоспарын, медициналық қамтамасыз ету және сабақта қауіпсіздікті сақтау шараларының жоспарын бекітуі;

оқу процесін өткізудің сапасына басты назар аударуы, спортшылардың техникалық және тактикалық шеберлігін жетілдіруі, тәрбие жұмысын ұйымдастыруы, қатысушылар арасында тәртіпті сақтауы, мүлікті сақтауы;

білікті жаттықтырушыларды, дәрігерлерді, массажшыларды, сондай-ақ басқа да қажетті қызмет көрсетушілерді анықтауы;

тамақпен, іссапар шығыстарымен, медико-биологиялық және қалпына келтіру құралдарымен қамтамасыз етуі;

спорт ғимараттарымен және базалармен, қажетті мүкәммалдармен және

жабдықтармен қамтамасыз етуі;
оқу-жаттығу жиындарындағы материалдық жауапты адамға осы ұйымға ведомстволық бағыныстағы спорт базаларында өткізу кезінде қаржы-шаруашылық қызметті жүргізу үшін сенімхат беруі;
техника қауіпсіздігі жөніндегі ережелерді қатаң сақтауы;
спортшылардың және басқа оқу-жаттығу жиындарына қатысушылардың дербес тізімін бекітуі;
Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командасын ресми халықаралық жарыстарға даярлау кезінде бір мәрте сақтандыруды жүзеге асыруы қажет.
Оқу-жаттығу жиындарының нәтижелері бойынша талдау жүргізу үшін тиісті спорттық ұйымға жиын нәтижелері туралы ақпарат жіберіледі.
21. Спорт жарыстары мен оқу-жаттығу жиындарын өткізуші спорт ұйымдары спорттық іс-шараларды өткізудің қаржылық күнтізбесіне және жарыстар мен оқу-жаттығу жиындарын өткізудің күнтізбелік жоспарына сәйкес әрбір спорттық іс-шараны жеке өткізу үшін нормаға сәйкес қаржы шығыстарының сметасын бекітеді.

## 2. Спорттық іс-шаралардың шығыстарын жабу тәртібі

22. Спорт ұйымдары спорттық іс-шараларды өткізу кезінде Регламентке ( Ережеге) сәйкес мынадай шығыстар жұмсауы мүмкін:
жарысты өткізуді ұйымдастырушылар:
спорт ғимараттарын жалға алу;
төрешілердің жұмысына және іссапарына ақы төлеу;
марапаттау;
баспаханалық және кеңселік шығыстар;
көлік шығыстары;
медициналық қамтамасыз ету, жарысқа дайындалу және өткізу орындарда қызметшілерге ақы төлеу;
МАИ-дың ілесуін қамтамасыз ету және жарыс кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау;
егер жарыс Регламентімен (Ережемен) көзделген болса, жарысқа қатысушыларды тамақтандыру мен орналастыру.
Қазақстан Республикасының аумағында кешенді және халықаралық спорттық іс-шаралар өткізу кезінде режиссерлік-қойылым топтарына ақы төлеу, іс-шараның салтанатты ашылуы мен жабылуын (реквизиттер, киімдер, мүкәммалдар, жабдықтар, жарықпен және дыбыспен әрлеу, жарыстың орнын безендіру) материалдық қамтамасыз етуге шығыстар көзделуі мүмкін.
Жарысқа іссапарға жіберуші ұйымдар:

Жолақысы, спортшылардың және басқа қатысушылардың жолда болған уақытына төленетін тәулікақы бойынша;

спорт жарыстарында болған уақытта қатысушыларды тұрғын үй-жаймен, тамақпен және тәулікақымен, спорттық киіммен және шерулік киіммен (кешенді жарыстарда) қамтамасыз ету, спортшыларды сақтандыру, өтінім жарналары, спорт ғимаратын және спорттық мүкәммалды жалға алу, егер жарысты өткізу Регламентінде бұл шығыстар көзделсе, онда төрешілерді іссапарға жіберу бойынша;

жарыс республикадан тыс жерде өтетін болса шығу құжаттарын ресімдеу ( визалар, сауалнамалар, консульдық алым және т.б.);

ойындардың Регламентіне (Ережесіне) сәйкес, ресми халықаралық жарыстарға Қазақстан Республикасы ұлттық құрама командасының қатысуы кезінде спортшыларды бір мәрте сақтандыру үшін;

спортшыларға, жаттықтырушыларға, төрешілер мен қызмет көрсетуші қызметшілерге егер тамақтануға (тәулікақы) немесе тәулікақыда қалталық шығыстар үшін (Олимпиада және Азия, Шығыс Азия ойындарында) қаражат қаралмаса, немесе тәулікақыға бөлінген қаражат Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормадан аз болса;

өкілдік шығыстар үшін (Олимпиада және Азия, Шығыс Азия және Орталық Азия ойындарында).

23. Қазақстан Республикасының шегіндегі халықаралық жарыстарды өткізу кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ашық чемпионаттарында қатысушыларды материалдық қамтамасыз етумен байланысты барлық шығыстарды егер жарыс Регламентімен (Ережесімен) өзгеше көзделмесе, онда командаларды сол жарыстарға жіберуші спорт ұйымдары көтереді.

24. Уәкілетті орган жекелеген, атап айтқанда футболдан, хоккейден және басқа спорт түрлерінен республикалық жарыстар өткізуді спорт ұйымдарына тапсырған жағдайда және кейбір халықаралық жарыстарға қатысу кезінде жарыс Регламентіне (Ережесіне) көрсетілген соманы есептеудің негіздемесімен бірге өтінімдік жарналар қарастыруы мүмкін.

Федерациялар немесе Уәкілетті орган (немесе) дене шынықтыру және спорт жөніндегі жергілікті атқару органы осы спорт ұйымдарының жарысты өткізу Регламентінде (Ережесінде) көзделген мақсаттарға, көлемде және мерзімде өтінім жарналарын аударады.

25. Спорттық іс-шараларға (спорт ғимараттарын, спорт жабдықтарын жалға алу, медициналық қамтамасыз ету, қызмет көрсетуші қызметшілерді ұстау) арналған қаражатты неғұрлым тиімді пайдалану және шығыстарды қысқарту мақсатында осы іс-шараға қатысушы әрбір мемлекеттік немесе қоғамдық ұйымның келісімі және шешімі бойынша мемлекеттік және қоғамдық қаражат

кооперациялануы мүмкін.

Кооперациялау тәртібін ұйымдар өзара келіседі, күнтізбелік жоспарлар мен іс-шараны өткізу туралы Регламентті (Ережені) әзірлеу мен бекіту кезінде ескереді.

26. Спорт жарыстарына қатысу үшін оқу-жаттығу жиындарын өткізу кезіндегі жиынға қатысушыларды материалдық қамтамасыз етумен байланысты барлық шығыстарды сол жиындарды өткізетін спорт ұйымдары көтереді. Оқу-жаттығу жиындарына қосымша өткізуші ұйымның келісімі бойынша спорт ұйымдарын жіберушілердің есебінен спортшылар мен жаттықтырушылар тартылуы мүмкін.

Оқу-жаттығу жиындарын өткізу шығыстары мыналарды біріктіреді:

Жолақы, спортшылардың және басқа қатысушылардың жолда болған уақытына төленетін тәуліқақы;

жиындарда болған уақытта қатысушыларды тұрғын үй-жаймен, тамақпен және тәулікақымен, спортшыларды сақтандыру, спорт ғимараттары мен спорттық мүкәммалды жалға алу;

көлік шығыстары және (немесе) ЖЖМ;

медициналық қамтамасыз ету;

медико-биологиялық препараттармен және қалпына келтіру құралдарымен қамтамасыз ету;

қажетті мүкәммалдар мен жабдықтар жеткізу;

жиындар республикадан тыс жерде өтетін болса шығу құжаттарын ресімдеу ( визалар, сауалнамалар, консульдық алым);

ресми халықаралық жарыстарға Қазақстан Республикасы ұлттық құрама командасының қатысуы кезінде спортшыларды бір мәрте сақтандыру.

## 3. Қатысушылар мен спорт төрешілерін спорттық іс-шараларға жіберу тәртібі

27. Спорттық іс-шараларға қатысушыларды, соның ішінде спорт жарыстарына қызмет ету үшін спорт төрешілерін іссапарға жіберу жарыс туралы Регламентке (Ережеге) сәйкес бұйрықтың (немесе шақыртудың) негізінде спорт ұйымдары жүзеге асырады.

28. Спорттық іс-шараларға шығу күні деп жіберілушінің поездың, автобустың немесе басқа көлік құралдарының тұрақты жұмыс орнынан немесе тұратын жерінен шыққан күні есептеледі, ал келген күні болып көрсетілген көліктің тұрақты жұмыс немесе тұратын орнына келген күні есептеледі.

Көліктің 24 сағатқа дейін жөнелген уақытын қосқанда шығу күні деп ағымдағы тәуліктер, нөл сағаттан бастап және одан кейін келесі тәулік есептеледі

.

Егер поезд жүретін станса (пристань немесе әуежай) тұрғылықты мекеннің сыртында орналасса, онда стансаға, пристаньға, әуежайға дейінгі жолға кететін қажетті уақыт есептеледі.

29. Республика аумағы шегінде жарыстарға немесе оқу-жаттығу жиындарына қатысу үшін командаларды немесе топтарды жіберу кезінде команда басшысына (өкіліне, жаттықтырушыға) "қоса берілетін тізімге сай, командасымен (тобымен) ________________________________________ жолдасқа берілді" деп көрсетіле отырып, бір іссапар куәлігі беріледі.

Тізімде спорттық іс-шараның және барлық қатысушылардың толық атауы көрсетіледі. Спорт ұйымының басшысы іссапар куәлігіне және тізімге қол қояды және мөр басады.

30. Жоғары тұрған ұйым оқу-жаттығу жиындарында немесе жарыстарда қатысуды жалғастыру үшін қалдырылған спорттық іс-шараларға қатысушыларға жеке іссапар куәлігі беріледі.

31. Егер бір тәуліктен астам уақыттағы жарыстарды және оқу-жаттығу жиындарын өткізу қатысушыларды және спорт төрешілерін олардың негізгі жұмысынан босатумен байланысты болса, оларға жарыстар мен жиындар кезінде , жарыстар мен жиындарға бару және қайту жолына олардың негізгі жұмыс орнынан алатын орташа жалақысы сақталып өтеледі.

32. Спорттық іс-шараларды өткізуші спорт ұйымдарының штаттағы қызметкерлеріне, жарысқа және оқу-жаттығу жиындарына тартылған қатысушылар мен төрешілерге орташа жалақысы тұрақты жұмыс орны бойынша сақталады.

33. Спорттық іс-шараларға қызмет етуші спорт төрешілері мен медицина қызметкерлеріне ақы төлеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" N 41 қаулысына сәйкес жүргізіледі.

34. Бас төрешілер алқасының мүшелеріне жарыстың әр күніне қызмет еткені үшін ақы төленеді.

Төрешілердің жарыста көрсеткен қызметі үшін бас төреші мен бас хатшы-төреші қол қойған, төрешілер алқасы мүшелері тізімінің негізінде өткізуші ұйымның бұйрығы оларға ақы төлеуге негіздеме болады.

Төрешілерге ақы төлеу жарысты өткізуші спорт ұйымының сметасына сәйкес жарыстар өтетін жерлерде қызмет көрсеткені үшін төленеді.

Спорт жарыстарына қызмет көрсеткені үшін төрешілерге ақы төлеу осы Ережеде көзделген оларға көрсетілетін материалдық қамтамасыз етудің басқа түрлеріне қарамастан жүргізіледі.

35. Спорттық іс-шараларды өткізу кезінде уақытша қызметкерлерді ( есепшілерді, жұмысшыларды, машинисткаларды) жұмысқа тарту шарт негізінде (еңбек шарты) төленеді.

36. Қатысушылар мен төрешілерді спорттық іс-шараларға жіберу кезінде аудару есебінен әуе, темір жол және басқа көлік түрлеріне билеттер сатып алуға рұқсат беріледі немесе жолақы құжаттарын тапсырудың негізінде екі бағытқа кеткен жолақы құны егер нормативтік құқықтық актілермен өзгеше көзделмесе өтеледі.

Жолақы құжаттары тапсырылмаған жекелеген жағдайларда, жарысқа жіберуші ұйым басшысының рұқсатымен авиакомпаниялар куәландырған билеттердің көшірмелеріне сай немесе көлікпен жүрудің ең төменгі құны бойынша қатысушыға және спорт төрешісіне тұрақты жұмысы немесе тұратын жері мен спорттық іс-шараларды өткізетін жерлер арасындағы жол құны өтелуі мүмкін.

Спорттық іс-шараларды (егер бұл шығыстар бұйрықпен бекітілген осы іс-шаралардың сметасында көзделсе) өткізетін спорт ұйымдары өзге қалалардан келген спорт жарыстарының төрешілеріне және оқу-жаттығу жиындарының өзге қатысушыларына қайтуға билеттер сатып алады және қолхатпен ведомость бойынша береді.

Берілген билеттің нөмірі мен сериясы, поездың немесе ұшақ рейсінің нөмірі, баратын станциясы немесе әуежайы, жүретін күні, билеттің құны ведомоста тіркелуге тиіс.

Ведомость жұмсалымдарды тізімнен шығаруға негіз болып табылмайды, билеттер сатып алған немесе ақысын төлеген ұйымдарға қайтарылуы қажет.

Поездарда төсек-орындарды пайдаланудың шығыстары плацкарт, купе немесе жұмсақ вагондармен барғанда, спорттық іс-шаралардың өтетін жерлерге баруы мен кері қайту кезінде тапсырылған түбіртектің негізінде өтеледі.

37. Жарыстарды немесе жиындарды өткізетін спорт ұйымдары ұйымдасқан түрде жарыстарға, жаттығуларға, жүріп-тұратын, тамақтану орындары мен вокзалдарға бару үшін қала ішіндегі көлікті (таксиден басқа) ұсынады.

38. Қатысушылар командалардың спорттық іс-шараларға баруы мен кері қайтуы кезінде теңдеме жүктің (спорттық мүлік, мүкәммал) алып жүру құнын, сақтау камерасындағы құнын қолма-қол ақшамен төлеген жағдайда, бұл шығыстар оларды спорттық іс-шараларға жіберген спорт ұйымының тапсырған түбіртегінің негізінде өтеледі.

39. Ұзақтығы бір тәуліктен асатын спорттық іс-шараларға барған кезде осы іс-шараларға қатысушыларға және төрешілерге Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген, қызметтік іссапарлар туралы ережеге сәйкес мынадай есеппен тәуліақылар беріледі:

- спортшылар мен басқа да қатысушыларға жолда болған уақытына ( спорттық іс-шаралар өтетін күндері олар тегін тамақтану үшін шығыстардың қолданыстағы мөлшерінде ақшалай қаражатпен қамтамасыз етіледі);

- спорт төрешілеріне жолда және спорттық іс-шараларда болған кезінде тәулікақы беріледі.

Қазақстан Республикасынан басқа жерлердегі халықаралық жарыстарға және оқу-жаттығу жиындарына қатысу кезінде әрбір ел үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар есебінен тәулікақы төленеді.

## 4. Спорттық іс-шараларға қатысушыларды тұрғын жаймен қамтамасыз ету

40. Ауданаралық, қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарға және оқу-жаттығу жиындарына қатысушылар растайтын құжаттарды ұсына отырып, күнделікті тұру үшін қаражатпен қамтамасыз етіледі.

41. Жарысқа қатысушылар мен төрешілерге спорттық іс-шараларға бару және қайту жолдарында ықтиярсыз аялдау және түні бойы немесе бір тәуліктен аса келесі көлікті күту кезінде тиісті растау құжаттары болған жағдайда, олардың үй-жай жалдауға кеткен шығыстары өтеледі.

42. Спорттық іс-шараларға командаларды жіберетін ұйымдарға белгіленген мерзімге бір тәуліктен аспайтын уақытқа олардың келуіне дейін жарысқа қатысушыларды және төрешілерді орналастыру үшін қонақ үйлерде орындар ұстауға рұқсат етіледі.

43. Іс-шараларға қатысушыларға қонақ үйлерде көрсетілетін қосымша ақылы қызметтер (теледидар, тоңазытқыш пайдалану) құжаттарды тапсыруы бойынша сметалық құжаттар шегінде төленуі мүмкін.

## 5. Спорттық іс-шараларға қатысушыларды және оларға қызмет көрсетуші басқа да қызметкерлерді материалдық қамтамасыз етудің қосымша шарттары

44. Осы Ережеде белгіленген халықаралық және республикалық жарыстарды, сондай-ақ халықаралық және республикалық жарыстарға дайындалуға арналған оқу-жаттығу жиындарын өткізу кезінде жаттықтырушылардың, жаттықтырушы-дәрігерлердің үй-жай ақысының тәртібі және тамақпен қамтамасыз ету шығыстарының нормалары осы жиындар мен жарыстар өткізу кезінде спортшылармен тұрақты бірге болатын Республикалық спорттық медицина орталығында құрылған ғылыми кешенді топтардың қызметкерлеріне де қолданылады. Уәкілетті орган бекітетін кешенді ғылыми топтардың құрамына

оқу-жаттығу жиындарын өткізу және жарыстарға қатысу кезінде спортшыларды ғылыми-әдістемелік және медициналық қамтамасыз ету үшін қажетті педагогтар, биологтар, биохимиктер, биомеханиктер, психологтар, инженерлер және басқа да мамандар кіреді.

45. Қазақстан Республикасының құрама командаларын көркем және спорттық гимнастика, конькимен мәнерлеп сырғанау, ат спорты түрлерінен халықаралық жарыстарға дайындау үшін оқу-жаттығу жиындарын өткізу кезінде халықаралық жарыстарға дайындайтын оқу-жаттығу жиындарының жаттықтырушылары мен басқа да қатысушылар үшін тұрғын үй ақысын төлеу тәртібі мен тамақтану шығыстарының нормалары, осы мақсаттарға бөлінген қаржының шегінде ұйымның бұйрығына сәйкес белгіленеді. Бұл сондай-ақ хореографтарға, сүйемелдеушілерге, ат баптаушыларға да (олардың санын ұйым анықтайды) қолданылады.

46. Спорттық іс-шараға қатысушы командалар өздеріне бекітілген, тұрақты жұмыс істейтін жаттықтырушы-дәрігерлер және массажшы-жаттықтырушылар болмаған және спорт іс-шарасын өткізу кезеңінде арнайы бөлінген дәрігерлер мен массажшылар қызмет ететін жағдайларда, олардың спорт іс-шарасына қатысу кезеңіндегі тамақтануының және тұрғын-жайының ақысы жаттықтырушы-дәрігерлер мен массажшы-жаттықтырушылар үшін белгіленген нормалар бойынша төленеді.

47. Облысаралық матчтық кездесулер өткізу кезінде қатысушылар мен төрешілерді материалдық қамтамасыз ету облыстық спорттық жарыстар үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

48. Қалааралық матчтық кездесулер, дене шынықтыру және спорт ұжымдары арасында матчтық кездесулер өткізу кезінде қатысушылар мен төрешілерді материалдық қамтамасыз ету қалалық спорт жарыстары үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

49. Бас төрешілер алқасының мүшелерін тәулікақы беруден басқасымен материалдық қамтамасыз ету дайындық пен қорытынды кезеңдерді қоса алғанда, жарыстарға қызмет ету бойынша төрешілік етудің бүкіл кезеңінде жүзеге асырылады.

Бас төрешілер алқасының жарыстарға қызмет ету жөніндегі төрешілік жұмысына мыналар кіреді:

Спортшылар жарысқа қатысқанға дейін (мандат комиссиясының құрамындағы жұмыс күндері, жарыс өтетін орындардың, спорттық жарақтардың, спорттық мүкәммалдардың, төрешілік аппаратураның жарыс ережесіне сәйкестігін тексеру);

Спортшылардың қатысу кезеңінде (жарыстың барлық күндері);

Спортшылар жарысқа қатысып болғаннан кейін (шағым арыздарды қарайтын

қазылар құрамындағы жұмыс күндері, жарыс қорытындыларын шығару, спортшылардың қатысу нәтижелерін бекіту, спорт ұйымдары мен командаларға құжаттамалар ресімдеу мен беру, жарысты өткізуші ұйымға қорытынды тапсыру ).

50. Жекелеген жағдайларда 16 жасқа дейінгі спортшыларды халықаралық және республикалық жарыстарға, оқу-жаттығу жиындарына және басқа да спорттық іс-шараларға шақыру кезінде оларды жарыс өтетін жерлерге апару үшін жіберуші спорт ұйымының есебінен оның нұсқаушысын немесе басқа өкілді жіберуге рұқсат беріліп, шығыстары төленеді.

51. Бекітілген күнтізбелік жоспар бойынша өткізілетін және үлкен әрі ұзақ жүктемемен байланысты қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық (Қазақстан Республикасының ішіндегі) (кемінде 10 км қашықтыққа алысқа жүзу, кемінде 30 км қашықтыққа шаңғы жарысы, кемінде 50 км қашықтыққа арналған веложарыстар, кемінде 30 км қашықтыққа дейінгі жаяу жарыс және жылдам асулар) жарыстарға, халықаралық және республикалық жарыстарға дайындық бойынша оқу-жаттығу жиындарына қатысушы спортшылар белгіленген тәуліктік тамақтану нормасының 20%-не дейінгі есеппен қосымша арнайы тамақпен қамтамасыз етіледі.

Жарыстарды, шаңғы спортынан және тас жолдағы велосипед жарыстарын, марафондық жүгіруге, жүгіруге және алыс қашықтыққа спорттық жаяу жүруге дайындыққа арналған оқу-жаттығу жиындарын (сыныптамада көзделген) өткізу кезінде спорт ұйымдары мен спорт қоғамдары арнайы тамақтану (сорпа, какао, шәй, сүт, шырындар, глюкозалы және аскорбин қышқылды сусындар, жеміс-жидектер және басқалар) орындарын ашады.

Ара қашықтықтар кезінде ас қабылдауға арналған арнайы тамақтану орындарының санын және олардың орналасуын дәрігерлермен келісе отырып, жарыс ережелеріне сәйкес бас төрешілер алқасы айқындайды.

Бүкіл қашықтықтағы арнайы тамақтанудың бағасы қатысушы спортшыларға бір тәулікке белгіленген тамақтану нормасының 20%-нен аспауы қажет.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Төрағасының м.а. 2004 жылғы 21 шілдедегі N 06-2-2/229 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында спорттық іс-шаралар өткізу мен халықаралық спорт жарыстарына қатысу ережесіне 1-қосымша

**Негізгі жарыстардың сыныптамасы**

| Р\с N | Жарыстың атауы | Өту кезеңі | Кім өткізеді | Кімдер қатысады | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | Халықаралық жарыстар |
| 1. | Кешенді спорттық-бұқаралық іс-шаралар: | | | | |
| | Олимпиадалық ойындар | Төрт жылда бір рет | Халықаралық Олимпиада комитеті | Олимпиадалық құрама команда | Қысқы және жазғы ойындар |
| | Азия ойындары | Төрт жылда бір рет | Азияның Олимпиада комитеті | Ұлттық құрама команда | Қысқы және жазғы ойындар |
| | Аймақтық ойындар | Екі жылда бір рет | Халықаралық Олимпиада комитетінің қолдауымен | Ұлттық құрама команда | Орталық Азия, Шығыс Азия, Афро-Азия, Тәуелсіз мемлекеттер достығы елдері |
| | Дүниежүзілік Универсиада | Екі жылда бір рет | Халықаралық студенттер одағы | Студенттердің құрама командасы | Қысқы және жазғы |
| | Дүниежүзілік жасөспірімдер ойындары | Төрт жылда бір рет | Халықаралық Олимпиада комитетінің қолдауымен | Жасөспірімдер құрама командасы | |
| | Параолимпиялық ойындар | Төрт жылда бір рет | Параолимпиялық комитет | Мүгедектер құрама командасы | Қысқы және жазғы ойындар |

Арнайы олимпия. Төрт жылда Арнайы Мүгедектер Қысқы және
лық ойындар бір рет олимпиялық құрама жазғы
комитет командасы ойындар
( с п е ш и а л
олимпикс)

2. Спорт түрінен *жыл сайын Спорт түрле. Ұлттық *спорт
барлық жастағы Регламент. рінен халы. құрама түрлерінен
топтарға арналған ке сәйкес қаралық фе. команда халықаралық
әлем чемпионат. дерациялар федерация.
т а р ы л а р д ы ң
е р е ж е с і н е
с ә й к е с
ж е к е л е г е н
с п о р т
т ү р л е р і
б о й ы н ш а
е к і , ү ш ,
т ө р т ж ы л д а
б і р р е т
өтуі мүмкін

олимпиадалық Регламент. Спорт түрле. Олимпиа. жазғы және
ойындарға дейінгі ке сәйкес рінен халы. далық қысқы
іріктеу турнир. қаралық фе. құрама ойындардың,
лері дерациялар команда спорттың
о й ы н т ү р л е .
рі бойынша

әлем чемпионат. Регламент. Спорт түрле. Ұлттық Спорттың
тарына дейінгі ке сәйкес рінен халы. құрама ойын түрле.
іріктеу ойындары қаралық фе. команда рі бойынша
дерациялар

3. Спорт түрлерінен Жыл сайын Спорт түрле. Ұлттық
барлық жастағы рінен Азия құрама
топтарға арналған федерация. команда
Азия чемпионаты лары

4. Әлем кубогы Азия Регла. Спорт түр. Ұлттық
кубогының кезең. ментке лерінен құрама
дері Гран-при сәйкес халықаралық команда
жарыстары федерациялар

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5. Азия кубогы Азия Кубогының кезең. дері Гран-при жарыстары | Регла. ментке сәйкес | Спорт түр. лерінен Азия феде. рациялары | Ұлттық құрама команда | |
| 6. Халықаралық жарыстар (турнирлер): | | | | |
| "А" санатты халықаралық жарыстар (турнирлер) | Регламент. ке сәйкес | Спорт түрле. рінен халы. қаралық фе. дерациялар, ұйымдасты. рушы ел спорт клубтары | Республи. каның облыстың, қаланың ең мықты спортшы. лары, | Жарыстар (турнир) спорт түр. лерінен халықаралық федерация. лардың күнтізбесі. не, респу. бликалық күнтізбеге енгізілген |
| халықаралық жарыстар (турнирлер) | Регламент. ке сәйкес | халықаралық, республика. лық облыс. тық, қалалық спорт ұйымдары ры, спорт клубтары | Республи. каның, облыстың, қаланың мықты спортшыла. | Кемінде 5 (бес) елдің қатысуымен |
| халықаралық матчтық кезде. сулер, ашық турнирлер | Регламент. ке сәйкес | халықаралық, республика. лық, облыс. тық, қалалық спорт ұйымдары ры, спорт клубтары | Республи. каның, облыстың, қаланың мықты спортшыла. | Кемінде 5 (бес) елдің қатысуымен |

Республикалық жарыстар

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. Кешенді спорттық | | | | |

бұқаралық іс-шаралар:

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қазақстан Респу. бликасының спар. такиадасы | Төрт жылда бір рет | Орталық уәкілетті орган | Облыс. тардың, Алматы, Астана қа. лаларының құрама ко. мандалары | Жазғы, қысқы |
| Қазақстан Респу. бликасының халықтық спорт ойындары | Төрт жылда бір рет | Орталық уәкілетті орган | Облыс. тардың Алматы және Астана қа. лаларының құрама ко. мандалары | |
| Қазақстан Респу. бликасының оқушылар спарта. киадасы | Екі жылда бір рет | ҚР-ның Білім министрлігі | Облыс. тардың, Астана және Алматы қалаларының командалары | Жазғы, қысқы |
| "Ақ бидай" ауыл спорты ойындары | Төрт жылда бір рет | Орталық атқарушы орган | Облыстардың құрама командалары | |
| Қазақстан Респу. бликасының ардагерлер спар. такиадасы | Төрт жылда бір рет | Орталық атқарушы орган | Облыстар. дың, Астана мен Алматы қалаларының құрама командалары | |
| Барлық жастағы топтарға арналған Қазақстан Респу. бликасының чем. пионаттары | Жыл сайын | Орталық уәкілетті орган | Облыстар. дың, Астана мен Алматы қалаларының құрама командалары | Жазғы, қысқы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2. | Спорттың барлық түрлерінен Қазақстан Респу. бликасының Кубоктары | Жыл сайын | Орталық уәкілетті орган | Облыстар. дың, Алматы мен Астана қалаларының құрама командалары | Жазғы, қысқы |
| 3. | Спорттың барлық түрлерінен Қазақстан Респу. бликасының Кубогы | Жыл сайын | Орталық уәкілетті орган | Облыстардың, Алматы мен Астана қала. ларының құрама командалары | |
| 4. | Республикалық турнирлер | Бұқаралық спорттық іс-шара. лардың күнтіз. бесіне сәйкес | Орталық уәкілетті орган | Облыстардың, Астана мен Алматы қала. ларының құрама командалары | |
| 5. | Матчтық кездесулер | Бұқаралық-спорттық іс-шара. лардың күнтіз. бесіне сәйкес | Орталық уәкілетті орган | Регламентке сәйкес | |
| 6. | Кәсіподақтардың, қоғамдардың, ведомстволардың Спорт түрлерінен барлық жастағы топтарға арналған чемпионаттары | Бұқаралық-спорттық іс-шара. лардың күнтіз. бесіне сәйкес | Кәсіподақ. тардың, спорт ұйым. дарының орталық кеңесі | Күнтізбелік жоспарға сәйкес қатысушы командалар | Жазғы, қысқы |

Облыстық жарыстар

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Кешенді спорттық бұқаралық іс-шаралар: | | | | |
| | Қазақстан Респу. | Төрт жылда | Облыстық | Аудандардың | II кезең |

бликасының бір рет уәкілетті құрама жазғы,
Спартакиадасы орган командалары қысқы
Қазақстан Респу. Төрт жылда Облыстық Аудандардың II кезең
бликасы халықта. бір рет уәкілетті құрама
рының спорт орган командалары
ойындары
Қазақстан Респу. Екі жылда Облыстық Аудандардың II кезең
бликасының бір рет білім де. құрама жазғы,
Оқушылар партаменті командалары қысқы
спартакиадасы
"Ақ бидай" ауыл Төрт жылда Облыстық Аудандардың II кезең
спорты ойындары бір рет уәкілетті құрама
орган командалары
Қазақстан Респу. Төрт жылда Облыстық Аудандардың II кезең
бликасының бір рет уәкілетті құрама
ардагерлер орган командалары
спартакиадасы
2. Барлық жастағы Жыл сайын Облыстық Аудандардың Қысқы,
топтарға арналған уәкілетті құрама жазғы
спорттың барлық орган командалары
түрінен облыс
чемпионаттары
3. Облыстық турнир. Спорттық- Облыстық Регламентке
лер, матчтық бұқаралық уәкілетті сәйкес
кездесулер іс-шара. орган
лардың
күнтіз.
бесіне
сәйкес
4. Кәсіподақтардың, Спорттық- Кәсіпо. Күнтізбелік Жазғы,
қоғамдардың, бұқаралық дақтардың жоспарға қысқы
ведомстволардың іс-шара. облыстық сәйкес
спорт түрлерінен лардың кеңесі, қатысушы
барлық жастағы күнтіз. спорт командалар
топтарға арналған бесіне ұйымдары
облыстық сәйкес
чемпионаттары

---

Аудандық жарыстар

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. Кешенді спорттық-бұқаралық іс-шаралар: | | | | |
| - Қазақстан Республикасының Спартакиадасы | Төрт жылда бір рет | Аудандық уәкілетті орган | Дене шынық. тыру ұйым. дарының құрама ко. мандалары | I кезең қысқы, жазғы |
| Қазақстан Республикасының халықтық спорт ойындары | Төрт жылда бір рет | Аудандық уәкілетті орган | Дене шынық. тыру ұйым. дарының құрама ко. мандалары | |
| Қазақстан Республикасының оқушылар спартакиадасы | Екі жылда бір рет | Білім департаменті | Орта мектептердің құрама ко. мандалары | I кезең жазғы, қысқы |
| "Ақ бидай" ауыл спорты ойындары | Төрт жылда бір рет | Аудандық уәкілетті орган | Дене шынық. тыру ұйым. дарының құрама ко. мандалары | |
| Қазақстан Республикасының ардагерлер спартакиадасы | Төрт жылда бір рет | Аудандық уәкілетті орган | Дене шынық. тыру ұйым. дарының құрама ко. мандалары | |
| 2. Дене шынықтыру ұйымдарының, спорт мектептерінде, оқу орындарында, ұйымдарда, мекемелерде өтетін жарыстар | | Спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбесіне сәйкес | Дене шынық. тыру ұйым. дарының, спорт мек. тептерінің кеңестері | Барлық тілек білдірушілер |

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігі

Төрағасының м.а. 2004 жылғы
21 шілдедегі N 06-2-2/229
бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасында
спорттық іс-шаралар өткізу мен
халықаралық спорт жарыстарына
қатысу ережесіне 2-қосымша

## Оқу-жаттығу жиындарының сыныптамасы

| Р/с | Жиындардың атауы | Жиындарды өткізетін ұйым | Жиынның ұзақтығы | Жиынға қатысушылар | Жиынға қатысушылардың ең көп саны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. Халықаралық жарыстарға дайындау жөніндегі оқу-жаттығу жиындары | | | | | |
| 1.1 | Қазақстан Республикасының құрама командалары мүшелерін тікелей әлем, Европа, Азия чемпионаттарына, Олимпиадалық, параолимпиялық ойындарға және басқа халықаралық жарыстарға дайындау жөніндегі оқу-жаттығу жиындары | Дене шынықтыру мен спорт жөніндегі орталық және облыстық (республикалық маңыздағы қалалық) | 24 күнге дейін | Қазақстан Республикасы құрама командаларының мүшелері | Дене шынықтыру және спорт жөніндегі орталық және облыстық (республикалық маңыздағы қалалық) атқарушы органдар белгілейді атқару органдары |
| 1.2 | Тікелей универсиадаға, студенттер арасындағы әлем, Европа және Азия чемпионаттарына, МССЖ чемпинатта. | Осы халықаралық жарыстарға қатысу үшін командаларды жіберетін | 24 күнге дейін | Осы халықаралық жарыстарға қатысушы командалар | Жарыстарға жіберілетін саны екі құрамнан, ал спорттың жекпе-жек түрлері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | рына дайындау жөніндегі оқу-жаттығу жиындары | ұйымдар | | | бойынша үш құрамнан аспайтын спортшылар |
| 1.3 | Қазақстан Республикасының құрама командалары мүшелерін халықаралық жарыстарға дайындаумен байланысты арнайы оқу-жаттығу жиындары (жалпы дене дайындығы, спортшыларды тексеру, қалпына келтіру үшін) | Дене шынықтыру және спорт жөніндегі орталық және облыстық уәкілетті органдар | 18 күнге дейін | Қазақстан Республикасының құрама командалары | Дене шынықтыру мен спорт жөніндегі орталық және облыстық (республикалық маңыздағы қалалық) атқару органдары |
| 1.4 | Басқа халықаралық жарыстарға (ресми, жолдастық) тікелей дайындау жөніндегі оқу-жаттығу жиындары | халықаралық спорттық байланыстардың жоспарына сәйкес командаларды халықаралық жарыстарға | 18 күнге дейін | Халықаралық спорттық байланыстардың жоспарында көзделген халықаралық жарыстарға қатысушы командалар | Жарыстарға қатысуға жіберілетін құрам 30 пайызға көбейген жіберетін ұйымдар |
| II. Республикалық жарыстарға дайындау жөніндегі оқу-жаттығу жиындары | | | | | |
| 2.1 | Тікелей Қазақстан Республикасының Спартакиадасына (кешенді) дайындауға арналған оқу-жаттығу | Дене шынықтыру және спорт жөніндегі облыстық | 21 күнге дейін | Облыстардың, Астана және Алматы қ.қ. | Жарыстарға жіберілетін саны екі құрамнан аспайтын, ал спорттың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жиындары | (респу. бликалық маңыздағы қалалық) атқару органдары | | құрама коман. далары | жекпе-жек түрлері бойынша үш құрамнан аспайтын спортшылар |
| 2.2 | Қазақстан Респу. бликасының чемпио. наттары мен Кубокты ұтысқа салу жарыстарына тікелей дайындау үшін оқу-жаттығу жиындары | Команда. ларды дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органның жоспары бойынша өтетін чем. пионаттар мен Қазақ. стан Рес. публикасының Кубогына қатысуға жіберетін ұйымдар | | Қазақстан Республи. касының чемпионат. тары мен Кубокта. рына қа. тысушы командалар | Жарыстарға спортшылардың саны екі құрамнан аспайтын, ал спорттың жекпе-жек түрлері бойынша саны үш құрамнан аспайтын құрамалар |
| 2.3 | Басқа республи. калық жарыстар мен республика біріншіліктеріне тікелей дайында. луға арналған оқу-жаттығу жиындары | Дене шы. нықтыру және спорт жө. ніндегі уәкілетті органның жоспары бойынша өткізіле. тін рес. публикалық жарыстар | 18 күнге дейін | Республи. калық жа. рыстар мен Қазақстан Республи. касының біріншілі. гіне қаты. сушы ко. мандалар | Жарыстарға жіберілетін спортшылардың саны екі құрамнан аспайтын, ал спорттың жекпе-жек түрлері бойынша үш құрамнан аспайтын құрамалар мен бірін. шіліктерге |

қатысу үшін ко. мандаларды жіберуші ұйымдар

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2.4 | Республикалық жарыстарға дайындалумен байланысты арнайы оқу-жаттығу жиындары | Командаларды республикалық жарыстарға жіберетін ұйымдар | 18 күнге дейін | Республикалық жарыстарға қатысушы командалар құрамалар | Жарыстарға жіберілетін спортшылардың саны екі құрамнан аспайтын, ал спорттың жекпе-жек түрлері бойынша үш құрамнан аспайтын |
| | - жалпы дене дайындығына арналған | | 18 күнге дейін | | |
| | - спортшыларды тексеруге арналған | | 7 күнге дейін | | |
| | - қалпына келтіру жиындары | | 12 күнге дейін | | |

---

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Төрағасының м.а. 2004 жылғы 21 шілдедегі N 06-2-2/229 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында спорттық іс-шаралар өткізу мен халықаралық спорт жарыстарына қатысу ережесіне 3-қосымша

**Қазақстан Республикасында спорттық іс-шараларды өткізу мен халықаралық спорттық іс-шараларға қатысуға арналған қаржылық күнтізбе:**

| N р/с | Іс-шараның атауы | Өтетін орны мен мерзімі | Қатысушылардың саны: спорт. шылар | Қатысушылардың саны: Жаттықтыру. шылар, басқа қатысушылар | Теңгелік шығыстар: Төреші. лердің, жұмыс. шылардың жалақысы | Теңгелік шығыстар: Жалақы аудару | Теңгелік шығыстар: тамақ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |

Теңгелік шығыстар

| Дәрі-дәрмек, фармако. логиялық құралдар | Бұқ. Спорт шараларға қатысушыға жүлделер, медальдар, грамоталар, дипломдар, кеңсе тауарлары | Ел ішін. дегі жол. ақы, тәу. лік. ақы | Елден тыс жердегі жолақы, тәулікақы, әуежай алымдары, жүкақы, кедендік басқа шығыстар (қажетіне қарай) | Спорт ғи. мараттарын және мүкә. ммалдарды жалға алу | Байланыс қызметі (шұғыл қажет болғанда) | Авто. көлік қызметі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |

| Теңгелік шығыстар: Баспаханалық және басқа шығыстар | Теңгелік шығыстар: өкілдік шығыстар (уәкілетті органның шешімі бойынша) | Шығыстардың жиынтығы теңгемен | Валюталық шығыстар | Барлық шығыстар теңгемен |
|---|---|---|---|---|
| 16 | 17 | 18 | 19 | 20 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК